

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асыру шаралары туралы

Күшін жойған

Бесқарағай ауданының әкімінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 13-1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 31 шілдеде N 1342 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 569 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2007.04.18 N 569 хатымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" [заңына](#) және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-III "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңының 33 бабы 1 тармағы 3) тармақшасына сәйкес үміткерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға іріктеу және ұсыну жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру, оны талқылаудың, алқалығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынылатын адамдардың құжаттарын қарау жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Ұйымдастыру және кадр жұмысы бөліміне комиссияның дербес құрамы анықталып, бекітуге аудандық Мәслихат сессиясына енгізілсін

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынылатын адамдардың құжаттарын қарау жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін (қосымша).

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары К.К.Иманғазинаға жүктелсін.

5. Осы мәселе жөніндегі Бесқарағай ауданы әкімінің 2002 жылғы 2 шілдедегі N 23-1 шешімі күшін жойсын.

Аудан әкімі

Бесқарағай ауданы әкімінің
2003 жылғы 2 шілдедегі
N 13-1 шешіміне қосымша

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен
наградтауға ұсынылатын адамдардың құжаттарын қарау
жөніндегі комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградауға ұсынылатын адамдардың құжаттарын қарау жөніндегі комиссия наградау мәселелері жөніндегі ұсыныстарды алдын-ала қарау және әзірлеу, наградалық заңнаманың өмірге енгізілуіне ықпал жасау үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерінің және депутаттардың қатарынан құрылады.

2. Комиссия төрайымнан, төрайым орынбасарынан, хатшысы мен комиссияның 4 мүшелерінен тұрады.

Комиссия төрайымы: комиссия қызметін ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады, комиссия отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады, комиссияның отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, комиссияның құзыры шеңберінде өзге де өкілеттіктерді орындайды.

Комиссия хатшысы: комиссия отырысын өткізуді қамтамасыз етеді, комиссия мүшелерін комиссия отырысының күн тәртібі, өткізілетін орны мен уақыты туралы хабардар етеді, түскен құжаттарды комиссия мүшелеріне ұсынады, комиссия төрағасының тапсырмаларын орындайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері комиссия қызметінің құқықтық негізін қ ұ р а й д ы .

3. Комиссияның функциялары:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградауға ұсынылатын адамдарға құжаттар қабылдау;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградау туралы ұ с ы н ы м д а р д ы қ а р а у ;

3) наградаларға құқықтықтарын қалпына келтіру туралы өтінімдерді қарау;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы заңдылықтың сақталуына бақылауды жүзеге асыруға қатысу;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградауға ұсынылатын адамдарды кеңінен және ашық талқылауға ықпал жасау.

4. Комиссияның мынандай құқығы бар:

1) наградауға ұсынылатын адамдардың қызметімен танысуға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградау туралы аудан әкіміне ұсыныстар енгізуге;

3) наградаларға құқықтарын қалпына келтіру туралы өтінімдер бойынша

қ о р ы т ы н д ы л а р

б е р у г е ;

4) мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен лауазымдық тұлғалардан өзінің жұмысы үшін қажетті мәліметтер, құжаттар, материалдар мен өзгеде ақпараттар с ұ р а у ғ а ;

5) наградтау заңнамасын қолдану мәселелері бойынша қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өкілдерін және лауазымды адамдарды шақыруға және тыңдауға.

5. Комиссияның отырыстары қажеттігіне қарай өткізіледі және оған комиссия мүшелері жалпы санының жартысынан астамы қатысқан жағдайда оның құқықтық күші бар болып, есептеледі.

6. Наградалық материалдардың түсуін реттеу үшін комиссия мыналарды б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы :

1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар мен орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері мемлекеттік наградалармен, Шығыс Қазақстан облысының Грамотасымен, Бесқарағай ауданының Грамотасымен наградтау туралы, аудан әкімінің алғысын жариялау туралы аудан әкімінің атына тек өз қызметкерлеріне ғана ұсыным енгізеді;

2) басқа барлық жағдайларда наградтауға ұсынымдарды мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер меншік түрлеріне қарамастан аудан әкімі арқылы енгізеді.

7. Комиссия шешімдерді отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды. Комиссия шешімдерді, сонымен бірге сұрау салу тәртібімен де қабылдай алады. Дауыстар тең түскен жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және оған комиссия төрағасы қол қояды.

8. Комиссия қызметін ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі жүзеге асырады.

Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру - кадр жұмысы бөлімі наградалық материалдарды комиссияның қарауына тек аудан әкімінің, ол болмаған кезде оның міндетін атқаратын тұлғаның бұрыштамасымен енгізеді.

Комиссия хатшысының міндеттерін ұйымдастыру - кадр жұмысы бөлімінің б а с м а м а н ы а т қ а р а д ы .

Аппарат басшысы